

ҚР Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің 2025 жылғы 16 қазандағы тапсырмасы негізінде Мемлекет басшысының азаматтардың мүддесі үшін экономикалық реформалар бағдарламасын іске асыру барысын реттеу туралы тапсырмасын орындау мақсатында, сондай-ақ ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 15-03-09/1170 тұтынушылардың барлық топтары бойынша коммуналдық қызметтерге және темір жол қызметтеріне тарифтердің өсуіне жол бермеу туралы 2025 жылғы қазаннан бастап 2026 жылғы наурыздың соңына дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы ДТКБК реттелетін тарифтерін өзгертуге мораторий енгізуді көздейтін тапсырмасын орындау үшін, 2026 жылғы 1-31 наурыз аралығында «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы ДТКБК қызметтеріне тарифтер 2025 жылға бекітілген деңгейде сақталатынын және өзгермейтінін тұтынушылардың назарына жеткізеді:

жылу энергиясын өндіру бойынша 2 970,26 теңге/Гкал мөлшерінде,
магистральдық құбырлар бойынша су беру бойынша 82,52 теңге/м3 мөлшерінде.

Қазіргі уақытта жылу энергиясын өндіру және магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы ДТКБК қызметтеріне тарифтерді бекітуге өтінімдер ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінде қаралады

2026 жылғы 1 сәуірден бастап бекітілген жылу энергиясын өндіру және магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы ДТКБК қызметтеріне тарифтердің деңгейі туралы заңнамада белгіленген мерзімдерде қосымша хабарланатын болады.

Тарифтерді көтеруге мораторий туралы ресми ақпарат ҚР Үкіметінің сайтында қолжетімді: <https://primeminister.kz/ru/news/po-poruceniiu-glavy-gosudarstva-pravitelstvom-prinimaiutsia-mery-po-obespeceniiu-makroekonomiceskoi-stabilnosti-i-nivelirovaniu-negativnyx-posledstviu-ekonomiceskix-reform-30620> — коммуналдық тарифтерге мораторий.